Автор: Мыржикова Айгуль Бектурганонва
Предмет: Қазақ тілі
Класс: 6-сынып
Раздел: Таулар сыры
Тема: Ең биік таулар

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	6.1.3.1 - тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну; 6.2.6.1 тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру.
Цели урока:	Барлығы: Тыңдалған материалдардың жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді; Көпшілігі: Тірек сөздер арқылы сөйлем құрап айтады; Кейбірі: Тірек сөздерді пайдаланып, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады.
Языковые цели:	
Ожидаемый результат:	Пән лексикасы және терминология: ғаламшар, биік нүкте, тау, шың, өсу, географиялық орындар, тым суық, жоғары қысым, ауа ағыны, шегара, теңіз деңгейі, сөнген жанартау, т.б. Қажетті сөз тіркестері: Менің ойымша, өз сөзіме дәлел ретінде, негізінен, сондықтан, әсіресе, демек, . . . деп ойлаймын, т.б.
Критерии успеха:	Айтылым бойынша: • тірек сөздерді әңгімеде орынды қолдана алады; • суреттердегі ойды анықтайды, байланыстыра алады; • суреттер желісі бойынша әңгіме құрастыра алады
Привитие ценностей:	Бұл сабақ академиялық тұтастық, бірлік пен командалық жұмысты, жауапкершілікті және көшбасшылықты дамытуға бағытталған. Мәдениетті қалыптастыру, топта жұмыс істеу ережелерін белгілеу арқылы жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға қолдау көрсетуге ыңғайлы болады.
Навыки использования ИКТ:	
Межпредметная связь:	Тарих, таулардың географиялық орналасуын анықтау барысында география пәнімен байланыс орнатылады.
Предыдущие знания:	Таулар тақырыбымен хабардар
предущие знания	

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока (0-7)	Қызығушылықты ояту кезеңі Ой шақыру. Мұғалім оқу кабинетінің қабырғаларына ең биік таулар мен шыңдардың суреттерін іледі. Оқушылар сыныпқа кірген сәттен бастап суреттерді тамашалайды. Не көргендері туралы әңгімелетеді және бөлімнің тақырыбына болжау жасатады. Хан Тәңірі шыңы Мақсат қою. Бөлім тақырыбы анықталған соң, мұғалім оқушылармен бірге сабақтың мақсатын анықтайды. тақырыпқа сай жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтайды; жаңа сөздер мен тірек сөздерді қолдана отырып сипаттайды.	https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/uchebnye-filmy/geografiya/lesson/eng-biik-tau-shyngdary

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока (7-10)	Мағынаны тану кезеңі Тыңдалымалды тапсырма. Бейнебаянды тыңдай отырып, тақырыпқа қажетті сөздер мен сөз тіркестерін органайзергетүртіп алып отырады. Оқушылар «Түртіп алу» стратегиясын қолданады.Тыңдалым материалы бойынша графикалық органайзерін толтырады.Тыңдалым тапсырмасы. Бейнебаян екінші рет тыңдалып, «дұрыс-бұрыс»стратегиясы бойынша тапсырма орындалады. Сөйлем Дұрыс БұрысАльпинистерде сегіз нүкте деген түсінік бар. + Эверест шыңы Гималайтауында орналасқан. + Эверест шыңының тарихи атауы – Джомолунгма. +Аконкагуа – Оңтүстік Американдағы Анд тауларының орталығындағы тау. + Суахили тілінде жылтырайтын тау мағынасын беретін тау – Килиманджаро. + Эльбрус – үшбасты тау. + Эльбрус – сөнген жанартау. + Австралиядағы Океания тауына туристер көп барады. + Әлемдегі ең биік шың Хан Тәңірі. + Белуха Алтайда орналасқан. + Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. Оқушылар жұптасады, әр жұпқа әлемдегі ең биік шыңдар мен таулардың суреттері беріледі. Әр жұпқа бір сурет. Жұптағы оқушылар сабақтың жаңа сөздері мен сөз тіркестерін қолдана отырып, берілген суреттегі тау немесе шыңды сипаттайды. «Аялдама» стратегиясы арқылы жұмыстарын келесі жұпқа таныстырады. Бағалау дескрипторлары: жаңа сөздерді орынды пайдаланады; сөз тіркестерін қолданады; берілген тау мен шыңдарды сипаттайды. жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіндіреді.	Фотосуреттер https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/Qazaqstanym/15323/ 5e4c21b753559.png Image not found or type unknown
Конец урока	Ойтолғаныс кезеңі Рефлексия Мұғалім сабақ мақсаттарына қайта оралады, олардың жетістіктер деңгейін талқылайды. Сабақты одан әрі жоспарлау үшін оқушыларға сұрақтар қойылады: Сұрақтар ауызша немесе жазбаша түрде талқылануы мүмкін.	